



Alhan Bókeihan: «Ultqa qyzmet etý – bilimnen emes, minezden»

AQTOĞAI AJARY



«Қарағанды журналистикасын дамытуға қосқан үлесі үшін»

1938 жылдың 15 тамызынан
бастан шығады

Ақтоғай айдандық қоғамдық-саяси басылым

www.facebook.com/a.ajary.kz

№ 13 (7955) 5 сәуір, Жұма 2024 жыл

aktogai_red@mail.ru



Президент реформасы – өміршен өзгерістер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы еліміздің болашақ дамуы мен ертеңгі

2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын қабылдауды тапсырды. Бұл құжат жұмыс орнындағы кәсіби сын-қатерлердің алдын алуға және жоюға бағытталуы керек. Кәсіби аурулардың алдын алуда қажетті сауықтыру және емдеу шараларын жүргізе отырып, міндетті алдынала және мерзімді медициналық қарап-тексерулердің маңызы зор.

Бұдан бөлек, Жолдауда ірі өндіріс орындарынан халық денсаулығына келетін қауіптің алдын алу үшін Үкіметке кәсіпорындардың техноло-

Мерзімді медициналық тексерулердің маңызы зор

күнге бетбұрысын айқындап берді. Жолдауда еліміздің демографиялық ахуалының және ұлт саулығының оң өзгерістері туралы айтылды. «Елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Халқымыздың өмір сүру ұзақтығы да артып келе жатыр. Былтыр бұл көрсеткіш 74 жастан асты», – деді Президент.

Жолдауда зиянды еңбек жағдайында жұмыс істейтін азаматтарға ерекше назар аударды. Ел Президенті өндірістік жарақат алудың жиілеуі өте өткір мәселе болып отырғанын атап өтті. Сондықтан Үкіметке

гиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауды тапсырды. Жолдауда айқындалған бағыттар өңіріміздің экономикалық өсімін жеделдетіп, халықтың әлауқатын жақсартуда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз. Ендеше, елдің ертеңіне алаңдаған ел Президентінің жаңа бастамаларына қолдау білдіріп, жүктеген міндеттерге жауапкершілікпен қарауымыз қажет.

Б.Шағалиев,
Ақтоғай аудандық аурухана директоры.

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуы басты мәселе

Президент Қазақстан халқына жолдаған Жолдауында стратегиялық мақсаттармен қатар, орта мерзімде, яғни алдағы 3 жылда жүзеге асырылатын нақты міндеттер қойды. Соның ішінде макроэкономикалық саясатты қайта қарап, жанарту керектігін айтты.

– Мен жаңа ғана экономика салаларындағы реформалардың негізгі бағыттарын айқындап бердім. Оның бәрін табысты жүзеге асырудың басты шарты – макроэкономикалық тұрақтылық. Бұл – аксиома. Қаржы, салық-бюджет және ақша-несие саясатын үйлестіру керек, – деді Қ.Тоқаев.

Бұдан бөлек, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы инвестицияның маңыздылығына, экономиканың өсімін тежеп тұрған басты мәселе бұл – инвестицияның жетіспеушілігі екенін баса айтты. Бұл мәселені тиімді шешудің жолы ретінде өндіріске шетелдік инвесторлармен қатар, отандық инвесторларды тартудың қажеттілігіне тоқталды. Сонымен қатар еліміздегі банктердің экономиканы дамытуға белсенді атсалыспауының салдарынан 2022 жылы негізгі капиталға салынған қаражат сомасы ІЖӨ-ге шаққанда небәрі 15 пайыз болғанын, банктердің тұтыну несиесімен әуестенуі қаржы жүйесіне төнетін сынқатерлердің көбеюіне және азаматтардың шектен тыс қарызға батуына өкпін соқтырғандығын айтты. «Жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң» мәселені біршама реттегенін, дегенмен бұл бағытта банктердің жеке тұрғындарға тұтыну кредиттерін бергеннен гөрі нақты секторды қаржыландыруға аса мән бергендері тиімді болатындығын жеткізді. Бұл салада қалыптасқан ахуалды түбегейлі түзету үшін жаңадан жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін, ол үшін ең алдымен, азаматтардың қаржылық сауаттылығын арттыру өте маңызды шарт екендігін атады. Осы орайда, Мемлекет басшысы «Аманат» партиясының жүзеге аса бастаған «Қарызсыз қоғам» жобасына тоқталып, оның тиімділігін ерекше атап өтті. Алдағы кезеңдерде Үкіметке «Аманат» партиясымен бірлесіп, «Қарызсыз қоғам» жобасының ауқымын кеңейтуді тапсырды. Бұл жобаның негізгі мақсаты – жеке тұлғалар арасында проблемалық берешегі бар адамдардың қаржылық сауатын арттыру.

Л.Қақбаева,
«Аққыз» бөбекжай-балабақшасының директоры.

*Мезгіл мәселесі

Табиғаттың тосын мінезі салғырттықты көтермейді

Ақ шұнақ аязы мен жауын-шашынын ала келген қоян жылы арқа жұртын біраз қыспаққа алды. Енді міне наурыз айының соңында көктемнің тосын мінезі қыстан қысылып шыққан елді әбден әбігерге салды. Бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп білгеніміздей тасқын судың салдарынан еліміздің әр аймағындағы бірнеше қала, елді мекендерді су басып, әр деңгейдегі автокөлік жолдарын су шайды. Қарғын су басқан өңірлерде әлеуметтік желі қолданушылар түрлі видеолар жариялап, орасан шығын әкелгенін жарыса жазғаны баршаға мәлім. Саруар сәуір басталғалы ағын сумен арналысқан ел есін енді жигандай. 4 сәуірден бері өзендер сабасына түсіп, су деңгейі біршама төмендеп, қауіптің беті қайта бастады. Бір айта кетерлігі, бұл соңғы 30 жылда болған ең ірі тасқын.

Дүйім елді дүрліктірген табиғаттың тосын мінезі Ақтоғай ауданын да айналып өткен жоқ. Ақпан-наурыз айында шамадан тыс түскен ақ ұлпа қар күн жылысымен сай-саланы суга толтырып, өңірімізге қарасты бір қатар елді мекенге тасқын су қауіпін төндірді.

Ақтоғай ауданы аумағында су тасқынының бүгінгі ахуалы, оның алдын алу мақсатында жасалып жатқан жұмыстар туралы Ақтоғай ауданы әкімі аппаратының төтенше жағдайлар жөніндегі бас маманы Ж.Әзімбаевтан сұрап білген едік.



– Наурыз айының 27-29 күндері ауа райы күрт жылуымен даладан көп мөлшерде келіп жатқан ерінді су аяқ астынан Абай ауылына кірген болатын. Жедел атқарылған жұмыстар нәтижесінде тұрғын үйлерге су кірген жоқ. Қазіргі уақытта ауылға қауіп жоқ. Сондай-ақ, облыстық аудандық маңыздағы барлық автокөлік жолдар бөліктерінде даладан көп мөлшерде келіп жатқан ерінді суағарлардан үлгермей, жол бетімен асып аққан деректері орын алды. Қазіргі уақытта су деңгейі біршама түскен. Бүгінгі күнге аудан көлемінде су тасқынының өту ахуалы тұрақты. Сарытерек ауылындағы Тоқырауын өзені жағалауды бекіту жұмыстарына 2000 дана қап инерттік материалдармен 200 метр бөгет жасалынды. Қара-бұлақ ауылдық округінің Қарасу

ауылында Тоқырауын өзені жағалауын күшейту бойынша инерттік материалмен 1 км 400 метр жерге бөгет жасалынды. Қарабұлақ ауылдық округінің Нарманбет ауылында Тоқырауын өзені жағалауын күшейту бойынша инерттік материалдармен жалпы 4 км жерге бөгет жасалынды. 28 наурыз күні аудандық маңыздағы Нарманбет-Айыртас жолының 55 км жол учаскісі және 2 сәуір күні осы жолдың 86 км жол учаскісі даладан келген көп мөлшерде ерінді судан және Қаршығалы мен Ақтайлақ өзендерінің тасқын сулары жолдағы суағарлардан үлгермей жол үстімен ағып, шайып кеткен. Қошқар, Айыртас ауылымен жол қатынасы әзірге тоқтады. Бүгінгі күнге тасқын су басылған жоқ, қалпына келтіру

(Жалғасы 2-бетте).

(Соңы. Басы 1-бетте).

жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік болмай отыр. Жол учаскілеріне қауіпсіздік бергілері орнатылып, кезекшілік ұйымдастырылды. Су тасқыны басталмас бұрын аталған елді мекендерде алдын ала қажетті көлемде азық-түлік, дәрі-дәрмек қорларымен қамтамасыз етілген.

Ауылдарда аналогтық және ұялы байланыс желілері жұмыс істеп, электр энергиясы тұрақты беріліп тұр.

Жалпы осы кезеңде тасқын суға қарсы Қарағанды облысының ТЖД департаментінің жеке құрамынан – 68 адам, 7 дана техника, 2 моторлы резиналық қайық, жергілікті атқарушы органнан, елді мекендердің 91 тұрғыны, 5 погрузчик, 6 трактор тіркемесімен, 3 жүк көліктері, 1 автобус, 8 Нива автокөліктері жұмылдырылды. Аудандық Штаб басқаруымен

алдын ала қорғаныс жұмыстары жүзеге асырылды. Атап айтсақ жалпы алдын ала 6 мың 500 тонна құм, топырақ (инерный материал), 18 мың дана қап және жеткілікті көлемінде жанар-жағар май қоры және тиісті қаражат қарастырылған. Облыстық пен аудандық маңыздағы



барлық автокөлік жолдары, елді мекендердегі көшелік жолдарының суағарлары қардан жән мұздан тазартылған болатын. Жыл басынан беру төтенше жағдайларды алдын алу және жою жөнінде



аудандық комиссияның 2 отырысында және 3 рет аудандық штаб отырыстарында су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайларды алдын алу мәселелері қаралып, нақты тапсырмалар берілді, - дейді Ж.Әзімбаев.

Соңғы келіп түскен мәліметтерге сүйенсек Жидебай ауылдық округінің Қарақой ауылына 2 сәуір күні Қарағанды облысының ТЖД-нің тікұшағымен ауыл тұрғындарына қосымша азық-түліктер жеткізілді. Сонымен қатар ауылдан 12 мектеп оқушыларын мен 3 әйел адам эвакуацияланды. Тоқырауын өзенінен аталмыш елді мекенің үйлеріне қауіп жоқ.

барлық жұмыстары жүргізілуде, су тасқынынң өту ахуалы үнемі бақылауға алынған. Аудан әкімінің 2024 жылғы 6 ақпаныңдағы № 04 өкімімен бекітілген «2024 жылғы су тасқыны кезеңіндегі төтенше жағдайларды алдын алу жөніндегі іс-шаралар жоспары» негізінде ауданның қауіпті аумақтарында

Қолдағы малдары қауіпсіз жайылымға шығарылған. Ауылда облыстық ТЖД-нің, №18 ӨСБ-нің қызметкерлерімен кезекшілік ұйымдастырылған. Мамандардың айтуынша судың деңгейі және ауылдарды тасқын судан сақтау жұмыстары бақылауда.

Думан ҚАБЫЛ.

Ақтоғай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы №130 шешімі

Ақтоғай ауылы

Ақтоғай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 453 «Ақтоғай ауданының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы Ақтоғай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақтоғай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 453 «Ақтоғай ауданының аумағында бейбіт жиналыстарды ұйымдастыру және өткізу үшін арнайы орындар және пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6117 болып тіркелген) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 2 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы Р. Абеуов.

Ақтоғай аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 наурыздағы № 130 шешіміне қосымша Ақтоғай аудандық мәслихатының 2020 жылғы 30 қарашадағы № 453 шешіміне 2 қосымша

Пикеттеуді өткізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары

1. Пикеттеуді жүргізуге тыйым салынған іргелес аумақтардың шекаралары Ақтоғай ауданының келесі объектілерінде кемінде 800 метр қашықтықта айқындалады:

- 1) жаппай жерлеу орындары;
- 2) темір жол, су, өуе және автомобиль көлігі объектілері;
- 3) мемлекеттің қорғаныс қабілетін, қауіпсіздігін және халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін ұйымдар;
- 4) қауіпті өндірістік объектілер және пайдалануы арнайы қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтауды талап ететін өзге де объектілер;
- 5) магистральдық теміржол желілерінде, магистральдық құбыржолдарда, ұлттық электр желісінде, магистральдық байланыс желілерінде.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
_____ облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 03.04.2024
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6581-09 болып енгізілді.

Решение Актогайского районного маслихата от 29 марта 2024 года №130

с.Актогай

О внесении изменения в решение Актогайского районного маслихата от 30 ноября 2020 года № 453 «О специализированных местах для организации и проведения мирных собраний и границах, прилегающих территорий, в которых запрещено проведение пикетирования на территории Актогайского района» Актогайский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Внести в решение Актогайского районного маслихата от 30 ноября 2020 года № 453 «О специализированных местах для организации и проведения мирных собраний и границах, прилегающих территорий, в которых запрещено проведение пикетирования на территории Актогайского района» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 6117) следующее изменение: приложение 2 к указанному решению изложить в новой редакции согласно приложению к настоящему решению.

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Председатель районного маслихата Р. Абеуов.

Приложение к решению Актогайского районного маслихата от 29 марта 2024 года № 130 Приложение 2 к решению Актогайского районного маслихата от 30 ноября 2020 года № 453

Границы прилегающих территорий, в которых запрещено проведение пикетирования

1. Границы прилегающих территорий, в которых запрещено проведение пикетирования определяются на расстоянии не менее 800 метров на следующих объектах в Актогайском районе:

- 1) мест массовых захоронений;
- 2) железнодорожного, водного, воздушного и автомобильного транспорта;
- 3) организаций, обеспечивающих обороноспособность, безопасность государства и жизнедеятельность населения;
- 4) опасные производственные объекты и иные объекты, эксплуатация которых требует соблюдения специальных правил техники безопасности;
- 5) магистральных железнодорожных сетях, магистральных трубопроводах, национальной электрической сети, магистральных линиях связи.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
_____ облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 03.04.2024
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6581-09 болып енгізілді

Тарих тағылым

Қазақ өнерінің аспанында жарық жұлдыздай жарқырап, өшпес із қадырған Күләш Жасынқызы Байсейтованың дүние есігін ашқанына биыл 112 жыл, бақилық сапарға аттанғанына 67 жыл толыпты. Қамшының сабындай деп аталатын жарық дүниеге 45 жыл қонақ болып, келіп кетті. Көзді ашып жұмғандай болмайтын осы өлшеулі уақыт, қас-қағым сәт оған өнер эталоны болып жарқырай жанып, өшпейтін сәулелі ғұмыр сыйлапты.

... Ризамын туғаным адам болып,

сахнасында Күләштің бейнесін көріп, дауысын естіген Иосиф Сталиннің аузынан «Шығыстың бұлбұлы» деген баға берілді. Осы берілген баға бүгінгі күнге дейін өзінің мән-мағынасын жоғалтқан емес. Бұл Күләштің творчестволық ерекшеліктеріне, бүкіл болмыс-бітіміне лайықты айтылған қысқа да нұсқа аксиомалық сипаттағы баға болатын. Қазірде «Күләш кім?» десек, «Шығыстың бұлбұлы» – дейміз. Ал, «Шығыстың бұлбұлының» баламасын іздегенде Күләш аузымызға оралады.

жылдары Б.Майлиннің «Майдан» пьесасындағы Гүлім, Гогольдің «Үйлену тойында» Агадия, Тиханов пен Тигердің «Сұңгуір қайығында» Клавдияның, Қ.Байсейтов пен Ж.Шаниннің «Зәурешінде» Зәуреш бейнесін сәтті шығарады. Көп кешікпей ұлы жазушы Мұханның «Еңлік-Кебегінде» Еңлік бейнесін асқан шеберлікпен орындап, жоғары баға алады.

1933 жылы жаңадан ашылған музыкалық студияға қабылданады. Келер жылы шымылдығын М.Әуезовтың «Айман-Шолпан» атты

Шығыстың бұлбұлы

Өкінбен, қаламын деп бір күн солып. Адамзат сапарының мейманымыз, Бір мезгіл жер бетіне кетер соғып, – деп ұлы Қасым ағамыз келтіргендей, Күләш апамыз жазмыштан оза алмады. Өлшеулі дәм, көрер жарығы біткен күні көз жұмды.

Үлкен жүректі, қайталанбайтын өнер тұлғасы арамиздан кеткенімен артында өлмейтін мол мұрасы қалды.

Оның өмірі мен өнері егіз. Бұларды бір-бірінен ажырата қарап, сабақтау тіпті де мүмкін емес сияқты. Өйткені, оның шығармашылық жолы тым ерте, балауса балғын шағында өз отбасынан бастау алады. Тума талант, табиғи дарынының өшіп қалмай, біртіндеп өнер құпиясын меңгеруіне талпыныс жасап, қанат қағуына алғаш септігі тиіп, тәрбиелеп баулыған әкесі Жасын мен оның туған інісі Айтбек болыпты. Айтбек тек Күләшқа ғана қамқорлық жасаумен шектелмей, Манарбектің де өнер сферасына қалықтай көтерілуіне бірден-бір себепкер болған адам екен. Күләш ес біліп мектеп табалдырығын аттаған соң, оның бойындағы ерекшеліктерін танып, қамқорлық жасаған екінші ұясы — ұстаздары болғанын, олардың есімдерін білмесек те, еңбектерін бүгінгі күні ризашылықпен еске алған орынды.



Өйткені, олар – ақурпек балапанның ұядан қияға көтерілуіне тікелей себепші болған жандар. Бұдан кейінгі кезеңдерде Алматыдағы мәдени-әдеби ортадағы өнер жанашырларының, қайраткерлерінің қолдау-қуаттауы және өзінің талмай еңбектенуі оны үлкен өнер жолына алып шығады.

Ресми деректер Күләштің шығармашылық жолын 1930 жылы қазақ драма театрының труппасына қабылданған кезеңінен бастап, 1934 жылы қазақтың бүгінгі Абай атындағы опера және балет театрына ауысқан тұсымен байланыстырады. Осы тұстарда драмалық ролдерде ойнағанынан деректері айтылады. Бірақ, әнші-орындаушы ретіндегі еңбектері ескеріле қоймапты. Оған сол жылдары тараған: «Күләштің әкесі бұрын бай болған екен. Бойтасалау мақсатымен Алматы маңына арқадан қашып, көшіп келіпті» деген өсек сөздер себеп болса керек. Осыған орай сол кездегі өнер зерттеушілері сақтықпен Күләштің әнші ретіндегі табыстарын қағаз бетіне толық түсірмеген сыңайлы.

Дейтұрғанмен, оның театрға келгенге дейін де өнер ордасына әншілігімен танылуы — дау туғызбайтын шындық. Өйткені, оның театрға келген кезі өз тұстарынан шоқтығы биік, өнер саласында біраз табыстарға жетіп ысылған, жарқырай көрініп, сәуле шашарлық дәрежеге жетіп қалған кезі болатын. Ол аздаған жылдар көлемінде СССР халық артисі деген өте жоғары құрметті атақты иеленді. Бұл 1936 жылғы Москвадағы қазақ өнерінің алғашқы онкүндігі өткен кез болатын. Сол онкүндікте үлкен театр

Көзі тірісінде «Күн көсем», кейіннен «Тиран» атанған «Қара мұрттың» басшы ретінде турашыл тапқырлығына да тарих әлде қашан бағасын берген болатын. Бірақ, Күләш жөніндегі білдірген пікірі мен берген бағасы бос мақтау, әсіре бағалау емес, шын мәнінде ақиқат еді.

Соған орай, ерекше дарынды, қайталанбайтын тұлға ретінде танылған ол сол жылдары мемлекет тарапынан көптеген марапаттаулар иеленді. Еңбегі жоғары бағаланды. Атағы әлемге әйгілі Станиславский, Немирович-Данченко, Качалов және Нежданова сияқты алыптардың қатарынан көрініп, 24 жасында «Халық артисі» деген өте құрметті атақпен қоса «Еңбек Қызыл Ту», кейінен «Ленин» орденімен, «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Екі мәрте 1937-1947 жылдары қатарынан Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің және Алматы қалалық Кеңесінің депутаты болып сайланды. Жоғарғы Кеңестің Президумының мүшесі болады. 1948-1949 жылдары 2 рет Сталин атындағы сыйлықтың лауреаты атанады. Бұл сыйлық Сталин дүниеден өткен соң, Кеңестер Одағы бойынша Мемлекеттік сыйлық деп өзгертілді.

Осы марапаттар мен берілген атақтар Күләш апамызға мемлекет пен халық тарапынан жасалған үлкен сый-құрмет.

Ол 1930 жылы қазақтың тұңғыш драмалық театрының труппасына қабылданғанмен, бірер жыл мөлшерінде әнші-артистік үздік шеберлігімен көрініп, драмалық бейнелерді еш қиыншылықсыз меңгеріп кете алатын дарындылығына орай, театрдың белді артистерінің қатарынан орын алады. Сол

музыкалық комедиясымен ашқанда Күләш Айман бейнесінде ойнады. Осы жолы небір қиын-қыстау кезінде арнамысын, жеке басының тағдырын қорғай білген парасат иесі Айманның кескін-келбетін, характерлік ерекшеліктерін үлкен шеберлікпен тұлғалайды. Осыдан соң сахнада жарқырай көрінген бақытты ғұмыры басталып, жарқ-жұрқ еткен табиғи сұлулығымен қабат Алла Тағала өзіне ғана дарытқан лирикалық колоратуралық сопрано даусы қосылып, шығармашылық жағынан самғай ұшып, шарықтай көтерілу кезеңіне жол ашылады.

Бұдан кейін Бейімбеттің Шұғасында артистік шеберлігінің кемелдене түскенін байқатса, Е.Брусиловскийдің «Қыз Жібек» операсында «Гәкуі» арқылы ерен жүйрік өнер иесі екенін танытты. Бұл қазақ опера саласында Күләш ашқан алғашқы «тырнақ алды» тұлғалар еді. Ол – ұлттық театр сахнасында қойылған қазақтың төл опералары мен шет ел, орыс және туысқан республика композиторларының туындыларындағы сан қилы бейнелерін де тұңғыш тұлғалаған әнші-артистік ойнаушылық диапазоны өзгеше мол сахна суреткері еді. Күләш жасаған опералық бейнелер қазақ сахнасының одан соң шыққан әнші-артистері, кейіннен

әрқайсысы бір-бір жұлдызға айналған Шабал Бейсекова мен Роза Жаманова т.б. үшін өнер мектебіне айналды. Ұлы суреткер қазақ опера-театрының сахнасында өскен ортасы, заманы, дәстүр-салты, бір-бірінен шалғай тағдыры мен мінезі бар, түр-тұлғасы да ұқсамайтын алуан түрлі характерлер құрайтын жанды бейнелер галереясын жасады.

Е.Брусиловскийдің «Жалбыр», «Ер Тарғын», «Бекет», Налировтың «Терең көл» операсында басты вокалдык партияларын орындап, Қадияша мен Ақжүністі, Зере мен Раушанның бейнелерін жасады. Ол сомдаған жоғарыдағы бейнелерінің ішінен Ақжүністің ерекшелігін музыка зерттеушілері аса жоғары бағалады. Ақжүніс бойындағы жарқ-жұрқ еткен ақ алмастай өткірлікті, минутына сан құбылып, махаббат сезіміне берілген шақтағы мұңаюшылық пен сағыныш саздарын, өшіккен адамынан кек алар кездегі айла-тәсілі мен зымиян амалын ойын өрнегімен бейнелеуде жеке дара шығып, үздіктігімен ерекшелінгені делінеді.

Кейінгі толқынға беймәлім Күләш ғұмыр кешкен ХХ ғасыр оқиғалары сол тұста бүгінгі заман кезеңі деп саналатын. Ол соған орай, өз заманы көтерген тақырыптарда кезігетін замандастарының да кейпін сахна төріне шығарды.

Атап айтсақ, Е. Брусиловский мен М. Төлебаевтың «Алтын сақасында» Айшаны, «Гвардия алғада» партизан қызы Сайраның, «Аманкелдіде» батырдың жары Банудың, «Төлеген Тоқтаровта» орыстың батыр қызы Любаның бейнелерін

Тұрмыстық тұтынушыларға арналған электрмен жабдықтаудың үлгілік шарты

к. _____ «__» _____ 20__ ж.
(шарт жасасу орны) (шарт жасасу күні)

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын «Казэнергоцентр» ЖШС, 18.07.2023ж. № 23016232 лицензияға сәйкес тұтынушыларды электрмен жабдықтауды жүзеге асырушы, бұдан әрі Сатушы деп аталатын, Бас директор Бекилдекова Е.Б. атынан, Жарғы негізінде әрекет етуші, бір тараптан және бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын _____ (тегі, аты, әкесінің аты) немесе _____ негізінде әрекет етуші оның өкілі _____ (тегі, аты, әкесінің аты төмендегілер туралы осы электрмен жабдықтау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты:

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

- Осы Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:
 - есептік кезең – тұтынылған электр энергиясы есепке алынатын және тұтынушыға төлеу үшін ұсынылатын электрмен жабдықтау шартымен айқындалатын уақыт кезеңі;
 - тұрмыстық тұтынушы – электр энергиясын тауарларды, жұмыстарды өндіруге (сатуға) және көрсетілетін қызметтерді ұсынуға байланысты емес өзінің тұрмыстық мұқтаждары үшін пайдаланатын жеке тұлға;
 - коммерциялық есепке алу аспабы – электр қуатын, электр энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген техникалық құрылғы;
 - электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесі – электр энергиясы мен қуаты шығынын анықтауға арналған коммерциялық есепке алу құралдарының жиынтығы (электр энергиясын есептеуіш, ток пен кернеудің өлшеу трансформаторлары) және өзара белгіленген схема арқылы жалғанған құрылғы (коммутациялық аппарат);
 - электр энергиясын сату нүктесі – энергиямен жабдықтаушы ұйыммен электр энергиясын беру туралы шарты бар энергия беруші ұйымның жауапкершілігі шекарасында орналасқан нүкте.

Осы Шартта қолданылатын өзге де ұғымдар мен терминдер Қазақстан Республикасының электр энергетикасы мен табиғи монополиялар саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Шарттың мәні

- Сатушы сату нүктесіне дейін Тұтынушыға электр энергиясын беруге міндеттенеді, ал Тұтынушы осы Шарттың тәртібі мен талаптарына сәйкес тұтынған электр энергиясы үшін ақы төлеуге міндеттенеді.
- Шарт Тұтынушымен оның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен энергия беруші ұйымның желісіне тікелей қосылған жабдығы мен коммерциялық есепке алу аспаптары болған жағдайда ғана жасалады.

3-тарау. Тұтынылатын электр энергиясын есепке алу

- Сатушы берген және Тұтынушы қабылдаған электр энергиясының көлемі коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткішімен, ал олар болмаған немесе уақытша бұзылған кезде – есептік жолмен анықталады.
- Коммерциялық есепке алу аспаптарының саны осы Шартқа қосымшаға сәйкес ком-мерциялық есепке алу аспаптарының тізбесінде көрсетіледі.
- Коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды Сатушының немесе энергия беруші ұйымның өкілдері сағат 21-00-ден кешіктірмей жүргізеді. Электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалану кезінде көрсеткіштерді қашықтықтан алуға кез келген уақытта жол беріледі.
- Коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алу кезінде Тұтынушының өзіне-өзі қызмет көрсетуіне жол беріледі. Көрсеткіштерді алу және төлем құжаттарын төлеу кезінде Тұтынушы жіберген қателерді Сатушы және (немесе) энергия беруші ұйым олардың анықталуы бойынша алты айдан аспайтын мерзім ішінде есепке алады.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Электр энергиясы үшін ақы төлеудің тәртібі

- Тұтынушы төлемді Сатушы берген төлем құжаты негізінде есептік айдан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей жүргізеді. Есептік кезең бір күнтізбелік айды құрайды.
- Смарт-картасы бар коммерциялық есепке алу аспаптарын қолдануға негізделген электр энергиясының автоматтандырылған коммерциялық есепке алу жүйесі болған жағдайда, Тұтынушы тұтынған электр энергиясы үшін төлемді төлем құжатынсыз өз бетінше анықтаған көлемде өтейді.

7-1. Егер тұтынушы электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғаны үшін ажыратылса, онда оны қосуды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым тұтынушының бұзушылықтарды жоюды және қосу үшін қызметке ақы төлеуді растайтын құжаттары қоса берілген өтінішін бергеннен кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Ескерту. 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-2. Тұтынушылар төлем құжаттарын пошта байланысы, интернет-ресурсы арқылы, энергиямен жабдықтаушы ұйымның персоналы немесе бірыңғай есеп айырысу ұйымы арқылы алады.

Осы Шарттың акцептінде тұтынушының жазбаша келісімі болған жағдайда, төлем құжаттарын және қарыздардың болуы туралы хабарламаларды интернет-ресурс немесе бірыңғай есеп айырысу ұйымы арқылы ғана алуға жол беріледі.

Ескерту. 7-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-3. Электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспабын электр желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан тыс орнатқан жағдайда, электр желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарын орнатқан жерге дейінгі учаскедегі электр энергиясының шығындары шарт негізінде теңгерімінде желінің көрсетілген учаскесі тұрған иегердің меншігіне жатқызылады және Тұтынушының келісімі бойынша энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның есептік жолымен анықталады.

Ескерту. 7-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-4. Тұтынушылар кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын шарт акцептінде көрсетілген тәсілдермен (электрондық пошта, факс, пошта жөнелтілімі, қысқа мәтіндік хабарлама, мультимедиялық хабарлама, қолданыстағы мессенджерлермен) электр энергиясын жеткізуді тоқтату (шектеу) туралы хабарлама алады.

Ескерту. 7-4-тармақпен толықтырылды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жаңа тарифтерді қолданысқа енгізу тұтынушыларға 3 (үш) күннен кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алдын ала хабарлағаннан кейін жүзеге асырылады және осы шартты қайта жасасу үшін негіз болып табылмайды.

5-тарау. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

- Тұтынушы:
 - жасалған шартқа сәйкес электр энергиясын алуға;
 - электр энергиясын оған қажетті мөлшерде пайдалануға;
 - жасалған шарттың талаптарына сәйкес энергия өндіруші, энергия беруші және энергиямен жабдықтаушы ұйымдардан электр энергиясын жеткіліксіз жеткізуден немесе сапасыз жеткізуден келтірілген нақты залалды өтеуді талап етуге;
 - шарт жасасуға және оны орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге;
 - тұтынылған электр энергиясы үшін оны тұтыну көлеміне қарай сараланған тарифтер бойынша ақы төлеуді жүргізуге;
 - Сатушыны күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын хабардар ету және тұтынылған электр энергиясы үшін толық ақы төлеу талабымен Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;
 - тұтынылған электр энергиясының көлемі бойынша есептеулерді егжей-тегжейлі түсіндіре отырып, төлем құжатын Сатушыдан талап етуге;
 - қызмет көрсетуші энергиямен жабдықтаушы ұйымды жана энергиямен жабдықтаушы ұйымға ауыстыруға құқылы.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

- Тұтынушы:
 - алып тасталды – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.
 - электр энергиясын сатып алу-сату шартында айқындалған энергия тұтыну режимдерін сақтауға;
 - Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесіндегі электр энергиясының стандарттық жиілігін ұстап тұруға бағытталған нормативтік талаптарды орындауға;
 - жасалған шарттарға сәйкес босатылған, берілген және тұтынылған электр энергиясының ақысын уақтылы төлеуге;
 - энергиямен жабдықтаушы және энергия беруші ұйымдардың жұмыскерлерін коммерциялық есепке алу аспаптарына, сондай-ақ мемлекеттік энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі органның жұмыскерлерін, жергілікті атқарушы органдардың уәкілетті өкілдерін электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйін және пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жіберуге міндетті.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Сатушының құқықтары мен міндеттері

- Сатушы, энергия беруші ұйымды қатыстыру арқылы:
 - төлем болмаған, сондай-ақ шартта белгіленген мерзімде электр энергиясы үшін толық төленбеген жағдайда кемінде күнтізбелік 30 (отыз) күн бұрын тұтынушының шарт акцептінде (электрондық поштамен, факспен, пошта жөнелтілімімен, қысқа мәтіндік хабарламамен, мультимедиялық хабарламамен, қолданыстағы мессенджерлерді пайдалану) көрсетілген тәсілдермен тұтынушыны хабардар ете отырып, электр энергиясын беруді толық немесе ішінара тоқтатуға;
 - шартты жасаумен немесе орындалуымен байланысты даулы мәселелерді

(Жалғасы 5-бетте).

(Жалғасы. Басы 4-бетте).

шешу үшін сотқа жүгінуге құқылы.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Сатушы:

1) жасалған шарттарға сәйкес электр энергиясын беруге;
2) Тұтынушыға келтірілген нақты залалды толық көлемде өтеуге;
3) Тұтынушыға хабарлама жіберу фактісін растауға мүмкіндік беретін тәсілмен электр энергиясы үшін төлемегені немесе толық төлемегені үшін электр энергиясын беруді тоқтата тұрғанға дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Тұтынушыны хабардар етуге;

4) Тұтынушыны электрмен жабдықтау қызметтерінің тарифтері, олардың өзгеруі туралы бұқаралық ақпарат құралдарында кемінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде хабарландыру орналастыру жолымен, сондай-ақ төлем құжаттарындағы осы өзгерістер туралы ақпаратты көрсете отырып хабардар етуге;

5) Тұтынушыдан өзіне берілген электр энергиясы үшін өз қасалары арқылы, сондай-ақ банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы төлемдерді қабылдауды қамтамасыз етуге міндетті. Тұтынушыдан өзіне берілетін электр энергиясы үшін интернет-ресурстар немесе терминалдар, төлем агенттері, төлем ұйымдары сияқты қосымша көздер арқылы төлемдер қабылдауға жол беріледі;

6) тұтынылған электр энергиясы үшін төлем құжатын Тұтынушыға ай сайын ұсынуға;

7) энергия беруші ұйымдар тарапынан жабдықты жөндеу және жана тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізуге байланысты электр энергиясын берудің жоспарлы тоқтатылғаны туралы тұтынушыны ажыратқанға дейін күнтізбелік үш күннен кешіктірмей хабардар етуге;

8) табиғи монополиялар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісілген тарифтер бойынша электр энергиясын беруге міндетті.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Тараптардың жауапкершілігі

13. Электрмен жабдықтау шарты бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, тараптар нақты келтірілген зиянды өз еркімен өтеуге немесе келіспеген жағдайда сот шешімі бойынша өтеуге міндетті.

14. Тараптар форс-мажор (зілзалалар, әскери әрекеттер, террористік актілер) жағдайларынан туындаған, сонымен қатар тараптардың еркінен тыс болған

түрлі (электр беру желілерінің және басқа жабдыктардың зақымдалуы немесе ұрлануы) жағдайларда электр энергиясын берудегі үзілістер үшін материалдық жауапты болмайды.

8-тарау. Қорытынды ережелер

15. Шарт Тұтынушы қосылған желіге нақты қосылған сәттен бастап жасалған және бір жыл мерзімге жарамды болып есептеледі.

Тараптардың бірінің мерзімнің аяқталуы туралы Шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған кезде, ол белгіленбеген мерзімге және оны жасасу кезінде Шартта көзделген талаптарда ұзартылған болып есептеледі.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

16. Осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты Сатушы мен Тұтынушы арасындағы барлық даулы мәселелер туындаған жағдайда, Сатушы 3 (үш) жұмыс күні ішінде даулы мәселені өз еркімен шешу үшін Тұтынушыға хабарлайды.

17. Шартқа тараптардың келісуімен енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар Шарттың ережелеріне қайшы келмеуі тиіс, олар қосымша келісім түрінде ресімделеді, тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылып, заңнамада белгіленген тәртіп бойынша ресімделеді.

9-тарау. Тараптар деректемелері

Ескерту. 9-тарау жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 06.02.2020 № 43 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Сатушы

«Казэнергоцентр» ЖШС
M10M5H5, Қазақстан Республикасы,
Қарағанды обл., Балқаш қ,
к-сі М.Қазыбекова, ғимарат 19А
БСН 070140004018
ЖСК KZ406017191000001492
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ
БСК HSBKZKX
тел/факс 8 (712) 25-82-15, 25-54-19
e-mail: kaz.ec@kazenergocentre.kz
www.kazenergocentre.kz

Тұтынушы

Типовой договор электроснабжения для бытовых потребителей

ТОО «Казэнергоцентр», осуществляющее электроснабжение потребителей согласно лицензии № 23016232 от 18.07.2023г., именуемое в дальнейшем Продавец, в лице Генерального директора Бекилдековой Е.Б., действующего на основании Устава, с одной стороны, и _____

(Ф.И.О.) именуемый в дальнейшем Потребитель, или его Представитель, в лице _____,

(Ф.И.О.) действующий на основании _____ именуемые в дальнейшем Стороны, заключили настоящий договор электроснабжения (далее – Договор) о нижеследующем:

Глава 1. Основные понятия, используемые в договоре

1. В настоящем Договоре используются следующие основные понятия:

1) расчетный период – период времени, определяемый договором на электроснабжение, за который потребленная электрическая энергия учитывается и предъявляется к оплате потребителю;

2) бытовой потребитель – физическое лицо, использующее электрическую энергию для собственных бытовых нужд, не связанных с производством (продажей) товаров, работ и предоставлением услуг;

3) прибор коммерческого учета – техническое устройство, предназначенное для коммерческого учета электрической мощности, электрической энергии, разрешенное к применению в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан;

4) система коммерческого учета электрической энергии – совокупность приборов коммерческого учета для определения расхода электрической энергии и мощности (счетчик электрической энергии, измерительные трансформаторы тока и напряжения) и устройство (коммутационный аппарат), соединенные между собой по установленной схеме;

5) точка продажи электрической энергии – точка, расположенная на границе ответственности энергопередающей организации, с которой энергоснабжающая организация имеет договор на передачу электрической энергии.

Иные понятия и термины, используемые в настоящем Договоре, применяются в соответствии с законодательством Республики Казахстан в области электроэнергетики и в сферах естественных монополий.

Сноска. Пункт 1 с изменением, внесенным приказом Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Глава 2. Предмет Договора

2. Продавец обязуется подавать Потребителю электрическую энергию до точки продажи, а Потребитель обязуется производить оплату за потребленную электрическую энергию в порядке и на условиях согласно Договору.

г. _____ «__» _____ 20__ г.

(место заключения договора)

(дата заключения договора)

3. Договор заключается с Потребителем только при наличии у него оборудования непосредственно присоединенного к электрическим сетям в порядке, установленном действующим законодательством Республики Казахстан в области электроэнергетики, и приборов коммерческого учета.

Глава 3. Учет потребляемой электрической энергии

4. Количество электрической энергии, поданной Продавцом и принятой Потребителем, определяется показаниями приборов коммерческого учета, а при их отсутствии или временном нарушении – расчетным путем.

5. Количество приборов коммерческого учета отражается в перечне приборов коммерческого учета согласно приложению к настоящему Договору.

6. Снятие показаний приборов коммерческого учета производится не позднее 21-00 часа представителями Продавца или энергопередающей организации. Дистанционное снятие показаний при использовании автоматизированных систем коммерческого учета электрической энергии допускается в любое время.

Допускается самообслуживание Потребителя при снятии показаний приборов коммерческого учета. Ошибки, допущенные Потребителем при снятии показаний и оплате платежных документов, учитываются Продавцом и (или) энергопередающей организацией по мере их выявления в пределах срока, не превышающего шести месяцев.

Сноска. Пункт 6 - в редакции приказа Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Глава 4. Порядок оплаты электрической энергии

7. Оплата производится Потребителем не позднее 25 (двадцать пятого) числа месяца, следующего за расчетным, на основании платежного документа, выписанного Продавцом. Расчетный период составляет один календарный месяц.

В случае наличия автоматизированной системы коммерческого учета электрической энергии, основанной на применении приборов коммерческого учета со смарт-картой, оплата за потребленную электрическую энергию производится Потребителем самостоятельно в определяемом объеме без выставления платежного документа.

7-1. Если Потребитель отключен за нарушение условия договора электроснабжения, то подключение его производится энергопередающей (энергопроизводящей) организацией в течении 1 (одного) рабочего дня, после обращения потребителя с приложением документов, подтверждающих устранение нарушения и оплаты услуги за подключение.

(Жалғасы 6-бетте).

Сноска. Правила дополнены пунктом 7-1 в соответствии с приказом Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

7-2. Потребители получают платежные документы через почтовую связь, интернет-ресурс, персоналом энергоснабжающей организации или единую расчетную организацию.

Допускается получения платежных документов и уведомлений о наличии задолженностей только через интернет-ресурс или единой расчетной организации, в случае наличия письменного согласия потребителя в акцепте настоящего договора.

Сноска. Правила дополнены пунктом 7-2 в соответствии с приказом Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

7-3. В случае установки прибора коммерческого учета электрической энергии не на границе балансовой принадлежности электрической сети потери электрической энергии на участке от границы балансовой принадлежности электрической сети до места установки приборов коммерческого учета электрической энергии относятся на договорной основе к владельцу, на балансе которого находится указанный участок электрической сети, и определяются расчетным путем энергопередающей (энергопроизводящей) организацией по согласованию с Потребителем.

Сноска. Правила дополнены пунктом 7-3 в соответствии с приказом Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

7-4. Потребители получают уведомления о прекращении (ограничение) поставки электрической энергии способами, указанными в акцепте договора (электронной почтой, факсом, почтовым отправлением, коротким текстовым сообщением, мультимедийным сообщением, действующими мессенджерами) не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней.

Сноска. Правила дополнены пунктом 7-4 в соответствии с приказом Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

8. Введение в действие новых тарифов осуществляется после предварительного уведомления потребителей не менее чем за 3 (три) рабочих дня через средства массовой информации и не является основанием для перезаключения данного Договора.

Глава 5. Права и обязанности Потребителя

9. Потребитель имеет право:

- 1) получать электрическую энергию в соответствии с заключенным договором;
- 2) использовать электрическую энергию в необходимом ему количестве;
- 3) требовать от энергопроизводящей, энергопередающей и энергоснабжающей организаций возмещения реального ущерба, причиненного недопоставкой или поставкой некачественной электрической энергии, в соответствии с условиями заключенного договора;
- 4) обращаться в суд для решения спорных вопросов, связанных с заключением и исполнением договора;
- 5) производить оплату за потребленную электрическую энергию по тарифам, дифференцированным в зависимости от объемов ее потребления;
- 6) расторгнуть Договор в одностороннем порядке при условии уведомления Продавца за 30 (тридцать) календарных дней и полной оплаты за потребленную электрическую энергию;
- 7) требовать от Продавца платежный документ с детальной расшифровкой начислений, по объемам потребленной электрической энергии;
- 8) сменить обслуживающую энергоснабжающую организацию на новую энергоснабжающую организацию.

Сноска. Пункт 9 - в редакции приказа Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

10. Потребитель обязан:

- 1) исключен приказом Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования);
- 2) соблюдать режимы энергопотребления, определенные договором купли-продажи электрической энергии;
- 3) выполнять нормативные требования, направленные на поддержание стандартной частоты электрической энергии в единой электроэнергетической системе Республики Казахстан;
- 4) своевременно оплачивать отпущенную, переданную и потребленную электрическую энергию согласно заключенным договорам;
- 5) допускать работников энергоснабжающих и энергопередающих организаций к приборам коммерческого учета, а также работников органа по государственному энергетическому надзору и контролю, уполномоченных представителей местных исполнительных органов для осуществления контроля технического состояния и безопасности эксплуатации электро- и энергоустановок.

Сноска. Пункт 10 с изменением, внесенным приказом Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Глава 6. Права и обязанности Продавца

11. Продавец, посредством привлечения энергопередающей организации, имеет право:

- 1) прекратить полностью или частично подачу электрической энергии уведомив Потребителя способами, указанными в акцепте договора (электронной почтой, факсом, почтовым отправлением, коротким текстовым сообщением, мультимедийным сообщением, действующими мессенджерами) потребителя не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней, в случае отсутствия оплаты, а также

не полной оплаты за электрическую энергию в установленные Договором сроки;

2) обращаться в суд для решения спорных вопросов, связанных с заключением и исполнением Договора.

Сноска. Пункт 11 с изменением, внесенным приказом Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

12. Продавец обязан:

- 1) предоставлять электрическую энергию в соответствии с заключенными договорами;
- 2) возместить Потребителю в полном объеме причиненный ему реальный ущерб;
- 3) уведомить Потребителя не менее чем за 30 (тридцать) календарных дней до приостановления подачи электрической энергии за неоплату или не полной оплаты за электрическую энергию способом, позволяющим подтвердить факт отправки уведомления Потребителю;
- 4) информировать Потребителя о тарифах на услуги электроснабжения, их изменении путем размещения объявления в средствах массовой информации не менее чем за 3 (три) рабочих дня, а также с указанием информации о данных изменениях в платежных документах;
- 5) обеспечивать прием платежей от Потребителя за предоставляемую ему электрическую энергию через собственные кассы, а также банки и организации, осуществляющие отдельные виды банковских операций. Допускается прием платежей от Потребителя за предоставляемую ему электрическую энергию через дополнительные источники, в том числе посредством интернет-ресурсов, терминалов, платежных агентов, платежных организаций;
- 6) ежемесячно представлять Потребителю платежный документ для оплаты за потребленную электрическую энергию;
- 7) информировать Потребителя о планируемом прекращении подачи электрической энергии в связи с проведением со стороны энергопередающих организаций плановых работ по ремонту оборудования и подключению новых потребителей не позднее, чем за три календарных дня до отключения;
- 8) предоставлять электрическую энергию по тарифам, согласованным государственным органом, осуществляющим руководство в сфере естественных монополий.

Сноска. Пункт 12 - в редакции приказа Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Глава 7. Ответственность сторон

13. В случаях неисполнения или ненадлежащего исполнения обязательств по договору электроснабжения, стороны обязаны возместить причиненный реальный ущерб в добровольном порядке либо в случае не достижения договоренности – по решению суда.

14. Стороны не несут материальной ответственности за перерывы в подаче электрической энергии, вызванные форс-мажорными обстоятельствами (стихийные явления, военные действия и террористические акты), а также обстоятельствами, не зависящими от сторон (хищение или повреждение линий электропередачи и другого оборудования).

Глава 8. Заключительные положения

15. Договор считается заключенным с момента фактического подключения Потребителя к присоединенной сети и действителен сроком на 1 (один) год.

При отсутствии заявления одной из сторон о прекращении или изменении Договора об окончании срока, он считается продленным на неопределенный срок и на тех же условиях, какие были предусмотрены Договором при его заключении.

Сноска. Пункт 15 - в редакции приказа Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

16. В случае возникновения спорных вопросов между Продавцом и Потребителем, связанных с исполнением условий данного Договора, Продавец в течение 3 (трех) рабочих дней уведомляет Потребителя для решения спорного вопроса в добровольном порядке. В случае не достижения договоренности решения спорных вопросов осуществляется по решению суда, по месту исполнения данного Договора.

17. Все изменения и дополнения, вносимые по договоренности сторон в Договор, не должны противоречить положениям Договора, оформляются в виде дополнительного соглашения, подписываются уполномоченными представителями сторон и оформляются в установленном законодательством порядке.

Глава 9. Реквизиты сторон

Сноска. Глава 9 - в редакции приказа Министра энергетики РК от 06.02.2020 № 43 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

Продавец

ТОО «Казэнергоцентр»
M10M5H5, Республика Казахстан,
Карагандинская обл. г.Балхаш, ул.М.Казбековой, здание 19А
БИН 070140004018
ИИК KZ406017191000001492
в АО «Народный банк Казахстана»
БИК HSBKZZKX
тел/факс 8 (7212) 25-82-15, 25-54-19
e-mail: kaz.ec@kazenergocentre.kz
www.kazenergocentre.kz

Потребитель

